

# Вебинар тақырыбы: Түйе тұқымдарын селекциялық-асылдандыру барысында құжаттандыру



ОБМЖӨШҒЗИ  
03.08.2022

**Мақсаты:** Түйе шаруашылығында селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жандандыру арқылы аналық пен аталық түйе тұқымдарының өнімділігін арттыру.

### Міндеттері:

- аталық түйелерді өнімділігіне қарай іріктеу;
- аналық түйелерді өнімділігіне қарай іріктеп жұптастыру;
- түйе тұқымының өнімділік бағытына қарай шаруашылықтың сұранысына байланысты жұптастыру әдістері;
- түйе тұқымының өнімділік көрсеткішіне байланысты нарық заманына сұранысқа ие өнімін молайту мақсатында бағытын өзгерту үшін.

### Фермерлер үшін практикалық құндылығы

Түйе шаруашылығында аналық пен аталық түйелердің өнімділік көрсеткішіне қарай, сонымен қатар жыл сайын 2,5 жаспен 6,5 жасқа толған аналық пен аталықты арнай Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нұсқаулыққа сәйкес бонитировкадан өткізу, класс беріп отыру ережелерімен танысып , қолданады.

## ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

ТЕЗИС	ЕГЖЕЙЛЕРІ
Бүгінгі таңда түйе шаруашылығына мемлекет тарапынан рентабелділігі жоғары болғандықтан, субсидия қарастырылмауда	Қосымша мемлекеттен өндірілген өнімге немесе аналық бастың селекциялық асылдандыруына қаржы бөлінбеуінің салдарынан селекция кенжелеп тұр
Қазақстанда бүгінгі таңда 2 түйе тұқымы өсірілуде. Жалпы түйе саны 270 мыңға жуық	Бүгінгі таңда түйе сүтіне сұраныс артқанымен ет пен жүнге және теріге сұраныс жоқ
Асылдандыру арқылы сауын түйелерді арнайы қондырғымен сауу үшін желін пішіні мен үрпісіне қарай селекциялық асылдандыру өте қажет	Машинамен сауу шаруашылық үшін экономикалық жағынан тиімді екенін біле тұра бүгінгі таңда шаруалар селекциялық асылдандыру жұмыстың мәні мен мәнісіне көңіл бөле бермейді
Шаруалар түркімен аруана түйе тұқымының аналықтарын сүттілігі жағынан сүтін төмендетпеу үшін шаруалар тәулігіне кем дегенде 3 рет сауып отыру қажет	Сауын түйелерді жыл мезгілінің ең ұзақ кезеңі маусым, шілде, тамыз айларында мүмкіндігінше 4 мезгіл сауған тиімді
«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «Түйе шаруашылығы» бөлімінің ғалымдары етті-жүнді, сүтті-жүнді қазақ нары аталық желілері шығарған	Түйе тұқымында асыл тұқымды өнімділігі жоғары түйелердің ұрпағын көбейту мақсатында бірнеше аталық желілердің негізі қаланған

## КЕЙС

Асыл тұқымды түйелерді арнайы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің бекіткен мал тұқымын асылдандыруға арналған 8 (сегіз) формадан тұратын құжат әзірленген

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі  
9 шілде 2012 жылғы №924  
қаулысымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

- Форма 1** Асыл тұқымды аталық карточкасы
- Форма 2** Асыл тұқымды аналық карточкасы
- Форма 3** Аналық түйелерді қашыру және төлдетуді есепке алу журналы
- Форма 4** Түйелердің сүт өнімділігі және жас малдарды өсіруді есепке алу журналы
- Форма 5** Түйе қырқымын есепке алу журналы
- Форма 6** 6 айлық тайлақтарды таңбалау журналы
- Форма 7** Бағалаудан өткен түйелердің нәтижесін қорытындылау журналы
- Форма 8** Асыл тұқымды түйелерді есепке алу ведомосі



## ФЕРМЕРЛЕРГЕ ҰСЫНЫСТАР

1. Түйе шаруашылығында түйе тұқымын асылдандыру жұмыстарын жүзеге асырғанда, жөғары өнімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік болады.
2. Селекциялық асылдандыру кезінде іріктеу мен сұрыптау өте қажет.
3. Асыл тұқымды малдың өнімділігіне қарай іріктеліп, жұптастыру қажет.
4. Асыл тұқымды шаруашылықтарда мал дәрігері мен зоотехник мамандарының ролі ерекше және өте қажет.

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма төрағасы

Эксперт



С.Ә.Қаныбеков

А.С.Тенлибаева